

Жер бетінде қашықтықты өлшеу.
Масштаб.



Масштаб және оның түрлері.

- Жер бетінде өлшенген қашықтықты қағазға түсіргенде қанша рет кішірейтілгендігін көрсететін бөлшек сан **масштаб** (немісше мас - өлшеу, штаб - таяқ) деп аталады.
- Масштабтың алымы әрқашанда 1 – ге тең, бөлімі кішірейту мөлшеріне сәйкес келеді.

- Мысалы : 1:10 000 десек, бұл – жер бетіндегі қашықтық 10 000 есе кішірейтіліп алынды деген сөз.
- Бөлшек санымен көрсетілген масштаб **сандық масштаб** деп аталады.
- Неғұрлым бөлшектің бөліміндегі сан көбейген сайын, соғұрлым масштаб ұсақ деп есептелінеді.
- Керісінше бөліміндегі санның мөлшері аз болған сайын, масштаб ірілене береді.
- Мысалы : 1: 10 000 масштабы, 1:50 000 масштабқа қарағанда ірі.

- Планның немесе картаның масштабы сөзбен де жазылады $1: 10\ 000$ масштабы сөзбен $1\text{ см} - \text{де} - 100\text{ м}$ ($10\ 000\text{ см} - \text{ді метрге айналдырғанда } 100\text{ м}$) деп көрсетеді.
- Бұндай масштабты **атаулы масштаб** деп атаймыз.

- Планнан немесе картадан қашықтықты анықтау үшін екі нүктенің аралығын сантиметрмен өлшейді. Масштабтың мөлшерін алынған сантиметр санына көбейтеді.
- Мысалы : Картаның масштабы 1: 100 000. Бұл масштаб бойынша 1 см – ге 1 км сәйкес келеді. Картадан өлшенген кесіндінің ұзындығы 5,5 дейік. Сонда $1 \text{ км} * 5,5 \text{ см} = 5 \text{ км} 500 \text{ м}$.

Масштаб
түріне
қарай

Сандық

Атаулы

Сызықтық

Кішірейту
дәрежесіне
қарай.

Ірі

Ұсақ